

## Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 3 мамырдағы № 2-4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 16 мамырда № 8409-11 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 ақпандағы № 37-9 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6710 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жалағаш аудандық мәслихатының төрағасы*

*У. Елеусинов*

Жалағаш аудандық мәслихатының  
2023 жылғы 3 мамырдағы  
№ 2-4 шешіміне қосымша

## Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілерінің түрлері	Есептік бірлік	1 есептік бірлігіне жылдық норма, м <sup>3</sup>
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,13
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,44
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,80
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,25
	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер,		

5	банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,70
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0003
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,91
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,14
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,50
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,15
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,03
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,07
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,45
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м <sup>2</sup>	0,24
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,20
17	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,18
18	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,25
19	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,22
20	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,41
21	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,86
22	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,81
	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау		

23	орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м2	0,21
24	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м2	0,14
25	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,10
26	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м2	0,16
27	Аудан аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,09

Аббревиатураның толық жазылуы:

АЖС - автожанармай құю станциялары;

м<sup>2</sup> - шаршы метр;

м<sup>3</sup> - текше метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК